

А.Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектеп

Психологиялық қызмет орталығының жұмысы

2023-2024 оқу жылының жылдық есебі

Педагог-психологтары Ж. Шакиева

Г.Нурмаганбетова

Кызылорда қаласы


Психолог жұмысының жалпы ауқымын жоспарлау Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі психология қызметінің мақсаттары мен міндеттері, білім беру мекемесінің түрімен, әкімшілік сұранысымен анықталады.

Жылдық жұмыс жоспар білім беру мекемесінің әкімшілігімен келісіліп бекітіледі.

Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа қабылданған оқушылардың мектепке дайындығын анықтау мақсатында **Керн-Йирасек тесті** жазбаша және сұрақ-жауап ойын ертегі терапиясы арқылы алынды. Зерттеу жұмысына 70 оқушы қатысты. Зерттеу жұмысы барысында оқушылар назарына «Ер адамның суретін салу», «Әріптерді көшіріп салу», «Бір топ нүктелерді көшіріп салу» ұсынылды. Негізгі мақсат алынған нәтижелерден оқушылардың мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау. Сонымен бірге 1-сынып оқушыларының таным процесстерін дамыту. Тапсырмалардың нәтижесі 5 ұпайлық жүйемен бағаланды 1-жоғары ұпай, 5-төмен ұпай. Содан кейін 3 тапсырма бойынша ұпайлар қосындысы есептелініп, жалпы саны шығады. Алдағы уақытта төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен түзету-дамыту бейімділікті нығайту бағытындағы қосымша жұмыстар жүргізіледі.

№	Сыныбы	Жалпы саны	Қатысқан оқушы саны	Қатыспағаны	Жоғары	Орташа	Төмен
1	1 «а»	26	26	0	10	15	1
2	1 «ә»	27	27	0	13	14	0
3	1 «б»	17	17	0	6	10	1
4	Барлығы	70	70	0	29	39	2




11.09-15.09.2023ж «Кел танысайық» Психологиялық тренинг өтілді. Мақсаты: қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату.

Сонымен бірге «1 сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» 1-сынып ата-аналарына жадынама таратылып, ақпараттандырылды.



Оқушыларды орта буынға бейімдеу – қиын да күрделі іс. Бұл кезең – оқушылар үшін де, ата-аналары үшін де, оларды 4 жыл бойы оқытып, аялап келген ұстаздары үшін де, оларды енді қанатының астына алғалы отырған мұғалімдері үшін де – ең бір жауапты кезең.

«Менің сыныбым» әдістемесіне қатысқан оқушы саны – 96



Әр диагностикалық жұмыстан кейін оқушылармен сергіту жаттығулары, топтың ынтымақтастығын дамыту, интроверт оқушыны ортаға қосу мақсатында тренинг жаттығулары ұйымдастырылады.

Тренинг барысында:

♥ ”Жорыққа аттанамыз”;

♥ “1-2-3”;

♥ “Күлкі желісі” тренинг жаттығулары жүргізілді.



2023-2024 оқу жылының қазан айында (10.10-21.10) 5-11 сыныптар аралығында алынған Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау (депрессияның клиникалық белгілерін сипаттайтын мәлімдемелер бар: депрессиялық көңіл-күй, әлемге пессимистік көзқарас, сәтсіздік сезімі белгілері, қанағаттанбаушылық, кінә, содан кейін жаза, әлеуметтік байланыстар суицидтік ойларға бейімділікті зерттеу) мақсатында алынған тест (Э.Ховард тесті, «DASS» шкаласы) қорытындысы төмендегідей.

Сауалнамаға қатысқан жасөспірім саны	Сауалнама нәтижесінде "Психологиялық қолдау тобына" шыққан оқушылар саны	Сұхбаттан кейін "Психологиялық қолдау тобы" қалған оқушылар саны	Арнайы маман (ВОП, Психиатр)	
			Жолданғаны	Қаралғаны
8-11 сынып-252 (3 үйден оқиды)	7	2	2	2
5-7 сынып-242 (2 үйден оқиды)	2	0	0	0
Барлығы- 494 Қатыспағаны -5	9	2	2	2

Алынған тестің нәтижесі бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне ұсыныстар:

- Баланың жалпы жағдайына байланысты (оқу үлгерімі, тәртібі т.б) көмектер көрсету;
- Сынып жетекші және психолог оқушының көңіл-күйін үнемі бақылауда ұсыну;
- Оқушының өзіне сенімділігін күшейту;
- Қоғамдық жұмыстарға, мектепшілік іс-шараға қатыстыру

18.11.2023ж. «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік» тақырыбында 6-8 сынып оқушыларына тренинг өтілді. Тренингтің басты мақсаты – жасөспірімдерді буллинг ұғымымен таныстырып, оның алдын алу және тану.



02.10.2023ж. Ерте жүктіліктің алдын алу 8-11 сынып аралығында сала аралық ЖДО мамандарымен бірлескен қыздар жиналысы өтілді.

Мақсаты: Оқушыларға ең алдымен денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет қалыптастыру.



10-11-21.11.2023ж Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары. Эссе алынды

5-7 сынып аралығында оқушы саны	Эсеге қатысқан жасөспірім саны	Эсеге қатыспаған жасөспірім саны	Қатыспау себебі	Әдістеме атауы	ЭССЕ нәтижесінде "Психологиялық қолдау тобына" шыққан оқушылар саны	Сұхбаттан кейін "Психологиялық қолдау тобы" қалған оқушылар саны
245	243	2	Үйден оқиды	Менің өмірім		
				Менің армандарым	0	0
				Өзіңді мақта	0	0

8-11 сынып аралығында оқушы саны	Эсеге қатысқан жасөспірім саны	Эсеге қатыспаған жасөспірім саны	Қатыспау себебі	Әдістеме атауы	Эссе нәтижесінде "Психологиялық қолдау тобына" шыққан оқушылар саны	Сұхбаттан кейін "Психологиялық қолдау тобы" қалған оқушылар саны
252	249	3	үйден оқиды	Менің айтылмаған сырларым	0	0
				Мен өзгерткім келеді	0	0
				Болашаққа хат	0	0

Желтоқсан айында мектебіміздегі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың, үйден оқитын, өгей әкемен тұратын, мектепшілік есепте тұратын оқушылардың қазіргі тұрмыстық жағдайын зерттеу және оқушының отбасымен қарым-қатынасын анықтау барысында үй актiсi жасалынды.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар- 8

Өгей әкемен тұратын оқушылар -11

Үйден оқитын оқушылар-8

Мектепшілік есепте -4, ИДН-1







Өмірлік қиын жағдайда қалған – 3 отбасы бақылауға алынып, профилактикалық, түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.

Ата-ана, сынып жетекші сұранысы бойынша 1-11 сынып оқушыларымен түзету жұмыстары, ата-аналарына психологиялық кеңес жұмыстары жүргізілді.



Психологиялық кеңеске жүгінген оқушылардың мәселелері



Қаңтар 2024

6 – сынып «Реніштен арылу» тақырыбында тренинг. Оқушыларға реніш, өкпе жайлы түсінік пен қатар арнайы тренинг жаттығулар жүргізіліп, адамдардың сезімі жайлы анықтама берілді. Тренинг жоспарына сәйкес жоғарыда аталған жаттығулар барысында оқушылар бір – бірінің сезімдерінің ұқсастықтарымен ерекшеліктерімен танысты. Реніш пен өкпенің адам жанына, физиологиялық денсаулығына қандай зақым тигізетіні жайлы ақпараттарды алғаннан кейін арнайы техника арқылы олардан арылу жолы көрсетілді.

8 – сынып оқушыларына «Ой, сезім, мінез-құлық» тренинг тақырыбын ашу мақсатында жанама сұрақтар берілген болатын. «Жаңбыр жауғанда мен ... жиі ойлаймын», «Кешкі күн батысқа қарағанда ... есіме түседі», т.б. Аталған жаттығуларды жасау барысында жасөспірімдер өздерінің сезімдері мен тәніндегі өзгерістерді бақылай алуға, оларды тыңдай алуға бейімделеді. Тренинг соңында кері байланыс ретінде аяқталмаған сөйлемдер ұсынылды.

15.04.2024ж. 11- сынып оқушыларына « ҰБТ-ға сеніммен барайық» тақырыбында тренинг өтілді.
Мақсаты: Сенімділікті нығайту, ерік эмоциясын басқару.



15.03.2024ж. «Қыз еркем, қылығымен көркем!» тақырыбында 8-10 сыныптың қыз балаларына ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында іс-шара өтілді.



24.04.2024ж. Ерекше білім алуды қажет ететін балалар және ата-аналарымен «Менің қолымнан бәрі келеді» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. **Мақсаты:** үйден оқитын ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың зейінін тұрақтылығы мен есте сақтауды, сөйлеу тілін дамыту, оқушы мен ата-ананың қарым-қатынасын жақсарту.



Қорытынды: Психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік- психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Мектеп психологтары

Ж.Шакиева

Г.Нурмаганбетова